

## Бюджет комиссиясының құрамы мен ережесін бекіту туралы

### *Күшін жойған*

Лебяжі аудандық әкімдігінің 2003 жылғы 20 маусымдағы N 71-5 қаулысы. Павлодар облысының Әділет басқармасында 2003 жылғы 1 шілдеде N 1914 тіркелді. Күші жойылды - Павлодар облысы Лебяжі аудандық әкімдігінің 2009 жылғы 7 тамыздағы N 125/8 қаулысымен

*Ескерту. Күші жойылды - Павлодар облысы Лебяжі аудандық әкімдігінің 2009 жылғы 7 тамыздағы N 125/8 қаулысымен.*

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы N 148 "Қазақстан Республикасында жергілікті мемлекеттік басқару туралы" Заңына және Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 6 желтоқсандағы N 261-ІІ "Бюджеттік жүйе туралы" Заңының 6 бабының 4 тармағына сәйкес аудан әкімдігі

Қ А У Л Ы

Е Т Е Д І :

1. Қоса беріліп отырған бюджет комиссиясы туралы ереже мен бюджет комиссиясының құрамы бекітілсін.

2. Аудан әкімдігінің 2002 жылғы 25 сәуірдегі "Бюджет комиссиясының құрамы мен ережесін бекіту туралы" N 14/4 қаулысының күші жойылсын.

### *Аудан әкімі*

Аудан әкімдігінің 2003 жылғы 20 мамырдағы "Бюджет комиссиясының құрамы мен ережесін бекіту туралы" N N 71/5 қаулысына қосымша

### **Б ю д ж е т т і к Қ У Р А М Ы**

### **К О М И С С И Я Н Ы Ń**

С м а ғ ұ л о в  
Бауыржан Рахметұлы

- Аудан әкімінің экономика және қаржы мәселелері жөніндегі кеңесшісі, комиссия төрағасы

Комиссия мүшелері:

Б а й ж а н о в  
Беимбет Танатұлы

- Ауыл шаруашылығы басқармасының басшысы

Ж а н п е и с о в а  
Раушан Зейноллақызы

- Қаржы бөлімінің меңгерушісі

Имамағзамова Баян Қабдрашитқызы

- Ішкі саясат, мәдениет және спорт бөлімінің меңгерушісі

М о л д а к ә р і м о в а  
Майкен Жұмабекқызы

- Аудандық мәслихаттың тұрақты комиссиясының төрағасы

Н а у р ы з а л и е в а  
Баян Өтешқызы

- Лебяжі ауданды бойынша салық комитеті төрағасының орынбасары

Садықова Гүлнәр Нығметоллақызы

- Денсаулық сақтау бөлімінің меңгерушісі

Смағұлова

- әлеуметтік қорғау бөлімінің меңгерушісі

Атйжамал Ахметбекқызы

Әлтаев

- Лебяжі селолық округінің әкімі

Қанат Мынтайұлы

Аудан әкімиятының 2003 жылғы  
"20" мамырдағы "Бюджет комиссиясының  
құрамы мен Ережесін бекіту туралы"  
№ 71/5 қаулысымен бекітілген

## **Ауданның бюджет комиссиясының ҚАҒИДА**

### **1. Жалпы қағида**

1. Бұл қағида тұрақты негізде әрекет жасайтын ауданның бюджет комиссиясының (одан әрі де комиссия) қызметін реттейді.

2. Қазақстан Республикасының Конституциясы, Қазақстан Республикасының заңнамалық және басқа нормативтік құқықтық актілері, ауданның жергілікті атқарушы және өкілді органдарының нормативтік актілері, сол сияқты осы ереже комиссия қызметінің құқықтық негізін құрайды.

### **2. Комиссияның мақсаты**

3. Тиісті қаржы жылына аудан бюджетінің уақытылы әрі сапалы жобасын жасауды, сол сияқты аудан бюджетін нақтылау мен орындау жөнінен ұсыныстар тұжырымдауды қамтамасыз ету комиссияның негізгі қызметі болып табылады.

### **3. Комиссияның міндеті мен қызметі**

#### **4. Комиссияның негізгі міндеттері:**

1) ауданның орта мерзімді кезеңге әлеуметтік экономикалық дамуының индикативтік жоспары негізінде үш жылдық кезеңге аудан бюджетінің негізгі болжамдық көрсеткіштерін анықтау;

2) алдағы үш жылдық кезеңге аудан бюджеті жобасының көрсеткіштерін, тиісті қаржы жылына аудан бюджетінің жобасын, аймақтық бағдарламаларды, тиісті кезеңге ауданның әлеуметтік-экономикалық дамуының индикативтік жоспарын қарау және анықтау;

3) тиісті қаржы жылына аудан бюджетін нақтылау жөнінен ұсыныстар қорытындылау;

4) аудандық бюджеттік бағдарламаларды іске асыру барысындағы мониторингтің нәтижесін қарау және олар бойынша ұсыныстар қорытындылау.

5. Комиссия өзіне жүктелген міндеттерге сәйкес келесі қызметтерді жүзеге асырады:

1) Комиссия жұмыс органдары дайындаған материалдарды қарайды және анықтайды:

алдағы үш жылдық кезеңге аудан бюджетінің болжамдық көрсеткіштерін;  
аудан бюджетіне түсімдерді;  
аудан бюджетінің тапшылығы (профицит);  
аудандық бюджеттік бағдарламалар әкімгерлері ауқымында бюджетінің  
жұмсалымының лимитін;  
жергілікті бюджеттен инвестициялық жобаларды қаржыландырудың  
тізімімен көлемін;  
аудандық бюджеттен қаржыландырылатын мемлекеттік мекемелердің,  
үстіміздегі қаржы жылының басына қалыптасқан аудандық бюджеттік  
бағдарламалар бойынша несиелік қарыздарын жабудың көлемін;  
Қазақстан Республикасы "Бюджеттік жүйе туралы" Заңының 18 бабымен  
белгіленген басқа да көрсеткіштерді.

2) Комиссияның жұмыс органы мен ауданның атқарушы органдарын  
арасындағы жергілікті бюджеттің болжамдық көрсеткіштері бойынша  
алауыздықты қарайды және оларды реттейтін шешім шығарады.

2) Комиссияның жұмыс органының аудандық бюджеттік бағдарламалар  
әкімгерлерінің бюджеттік өтініштері бойынша тұжырымдамасын қарайды және  
шешім шығарады.

4) Алдағы қаржы жылына аудан бюджетінің жобасын қарайды және  
анықтайды.

5) Облыстық әлеуметтік-экономикалық дамуының аудандық  
бағдарламаларын жобасын қарайды, қаржы көздері мен қаржыландыру мерзімі  
ауқымында бағдарламалық шараларды қаржыландыру көлемі жөнінде, сол  
сияқты бұрын бекітілген бағдарламаларға өзгерістер енгізу туралы  
тұжырымдамаларын береді.

6. Келесі мәселелер жөнінен:

1) тиісті қаржы жылына аудан бюджетін нақтылау;  
2) аудандық бюджеттік бағдарламалардың төлқұжаттарын және аудандық  
қаржы бөлімінің ақпараты негізінде бұл бағдарламаларды одан әрі іске асыру  
бойынша ұсыныстарды қарайды және қорытындылайды;

7. Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес басқа да қызметтерді жүзеге  
асырады.

#### **4. Комиссияның құқысы**

8. Өзіне жүктелген міндеттерге сәйкес комиссияның:

1) Атқарушы және басқа мемлекеттік органдармен, ұйымдармен өзара  
қатынас жасауға, сол сияқты өзінің міндеттерін іске асыру үшін мамандар мен  
сарапшыларды жұмысқа тартуға;

2) Өзінің құзырына жататын мәселелер бойынша шешімдер қабылдауға,  
ұсыныстар енгізуге.

3) Заңмен белгіленген тәртіпте мемлекеттік органдар мен басқа да ұйымдардан өзінің міндеттерін іске асыру үшін қажетті материалдарды сұратуға және алуға ;

4) Комиссияның мәжілісіне мемлекеттік органдардың және басқа ұйымдардың бірінші басшыларын, ал олар жоқ кезде бірінші басшылардың міндетін атқарушы тұлғаларды комиссияның міндеттерін іске асыруға байланысты мәселелермен шақыруға және тыңдауға құқысы бар.

### **5. Комиссияның құрылуы мен қызметінің тәртібі**

9. Комиссияның құрамын аудандық қаржы бөлімінің ұсынысы бойынша аудан әкімияты бекітеді.

10. Комиссияның органы болып табылады.  
Комиссияның жұмыс органы;  
Комиссия төрағасы;  
Комиссия төрағасының орынбасары;  
Комиссия хатшысы

11. Комиссияның мәжілістері аралығындағы кезеңде оның ұйымдастырушылық мәселелерін жұмыс органы шешеді.

Комиссия төрағасы оның қызметін басқарады, мәжілістерін жүргізеді, комиссияның жұмысын жоспарлайды, оның шешімдерінің іске асырылуына жалпы бақылау жасайды және комиссия жүзеге асыратын қызметке жақсы береді . Комиссия төрағасы жоқ кезде оның қызметін өзі тағайындаған орынбасары атқарады .

12. Комиссия хатшысы комиссия мәжілісінің күн тәртібі бойынша ұсыныстарды, қажетті материалдарды дайындайды, сол сияқты мәжілістің хаттамасын рәсімдейді .

13. Жұмыс жоспар-кестесін Комиссия белгілейді. Аудандық бюджеттің жобасын жасау кезінде Комиссияның жұмыс жоспар-кестесі Қазақстан Республикасының Үкіметі бекіткен республикалық және жергілікті бюджеттің жобаларын жасау Ережесімен айқындалған мерзімге сәйкес белгіленеді.

14. Комиссия мүшелерінің мәжілістерге қатысу жөнінен өздерінің өкілеттіктерін басқа тұлғаға тапсыруға құқылары жоқ.

15. Комиссияның шешімі ашық дауыспен, сол сияқты Комиссия мүшелерін сұрау арқылы қабылданады, шешімге Комиссия мүшелерінің жалпы санының көпшілігі дауыс берсе, ол қабылданған болып саналады. Комиссия мүшелері шешім қабылдау кезінде тең дауысқа ие. Дауыс тең түскен жағдайда төраға дауысы шешуші болып табылады .

16. Комиссия мәжілісінің күн тәртібіндегі мәселелерді қараудың нәтижесі әрбір мәселе бойынша дауыс берудің қорытындысы көрсетіліп, тиісінше хаттамаға енгізіледі, төраға айқындайтын жағдайда мәжіліске қатысқан комиссия

мүшелерімен

қолтаңбаланады.

17. Қабылданған шешім хаттамамен рәсімделіп, оған төраға мен хатшы қол қояды.

18. Қабылданған шешіммен келіспеген жағдайда комиссия мүшелері өздерінің ерекше пікірлерін жазбаша түрде беруге құқысы бар, ол мәжіліс хаттамасына қосылады.

19. Өзіне жүктелген міндеттемелерді орындау мақсатында қабылданған Комиссия шешімін жергілікті бюджеттен қаржыландырылатын барлық атқарушы органдар міндетті түрде қарауға және көрсетілген мерзімде орындауы тиіс.

20. Комиссияның жұмыс органының қызметі ауданның қаржы бөліміне жүктеледі.

21. Комиссия айқындаған мерзім мен күн тәртібіне сәйкес мәжілісіне материалдар дайындау, комиссия мүшелеріне аудандық бюджеттік бағдарламалардың әкімгерлеріне, жергілікті атқарушы органдарға мәжіліс материалдарын жіберу, комиссия мәжілісінің хаттамасын дайындау, сол сияқты нормативтік құқықтық актілерден және осы Ережеден туындайтын басқа да қызметтер жұмыс органының қызметі болып табылады.

## **6. Комиссияның қызметін тоқтатуы**

22. Аудан әкімиятының Комиссияның қызметін тоқтату туралы қаулысы оның қызметін тоқтату үшін негіз болады.